



Тақырыбы:  
Баланың өміріндегі  
ойынның маңызы

- 
- **Мақсаты:** Балаларға дидактикалық ойындардың маңызын түсіндіріп,
  - **Міндеті:**
    - «қамқорлық» туралы түсініктерін кеңейту;
    - - жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту;
    - - туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;





- **Мақсаты:** «Табиғат» туралы түсінік беріп, табиғатқа қамқорлық жасау туралы түсініктерін кеңейту.
- **Міндеті:**
  - «қамқорлық» туралы түсініктерін кеңейту;
  - - жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту;
  - - туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;



*Қиянат жасасмайық  
Арамызда өкпе, реніш болмасын,  
Әрқашанда әділдікті қолдасын  
Адамдарға түсінікпен қарасақ,  
Сонда ғана, гүлденеді болашақ  
Жасасмайық адамзатқа қиянат,  
Осының бәрін санаңызға ұялат.  
Ізгіліктің жолында біз жүрейік,  
Бәрін естен шығармайық білейік.  
Қиянат жасасмайық адамзатқа,  
Қиянат жасасмайық табиғатқа.  
Қиянат жасасмайық ата – анаға.*

*Қиянат жасасмайық туған Отанға.*



Қиянат жасамау – ақиқат пен өмір сүру, мінез – құлық және жаң тыныштығы да сүйіспеншілікке арналған.  
«Рақымдылық, мейірбандылық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойланғандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды».

Абай

# Дәйексөз

*«Жүрегі таза адам қиянатқа бармайды»*

*Шәкәрім Құдайбердіұлы*

*«Өтірік айтып, сіз қиындықтан құтылуыңыз мүмкін, бірақ мезгілі келгенде бәрібір ауыр сынаққа кезігесіз»*

*Лао Цзы*



## Қиянат жасамау жайлы әңгіме «Жер ана туралы мысал»

Ертеде жер кіршіксіз таза болыпты. Ол шексіз мейірімді әрі жайдары болатын. Ол барлық жер бетіндегі тіршілік иелеріне, жануарларға, құстарға, жәндіктерге пана болды, оларға азық берді, ал олар Жердің көркемдігі мен тазалығын сақтап, оған бар сүйіспеншіліктерін арнап, жанашырлықпен қарады.

Күндердің бір күнінде Табиғатадам пайда болды. Ол құдыретті, зор, әрі сымбатты болды. Ол күлгенде, онымен бірге күн де күлетін, ол қамыққанда онымен бірге ай да қайғыратын, ол ән айтқанда онымен бірге аспан мен жел қосылып ән шырқайтын. Жер-ана мен Табиғатадам бір-бірінен жарастық тауып олардан адам-ұрпақ өмірге келді. Бірақ әрбір ұрпақ- адам оларға өмір сыйлаған Ұлы сүйіспеншіліктен алыстай берді. Жер-ана олар үшін өмір сүрудің, байлықтың қайнар көзіне айналды. Адамдар Жер-ананың кім екенін ұмытты, ал Табиғатадам олар үшін бірі сеніп, бірі сенбейтін аңызға айналды. Адамдар өздерінің қажеттіліктері үшін жерді жыртты, егін екті, одан пайда тапты. Тамақ іздеп, олар жердің мәпелеп өсірген өсімдіктері мен жануарларын аяусыз жайратты. Содан соң алтын мен басқа қазба байлықтарын іздеп Жер-ананың денесін ойып, шұңқырлар қазып, шөл мен шөлейттер қалдырды. Бірақ бұл да аз болды, олар жарылыстар жасап, өздері сияқтыларды құрту үшін қуатты қаруларды пайдаланып, соғысты. Ал Жер-ана осының бәріне шыдады, ол адамдар естерін жияр, олар Ұлы сүйіспеншіліктің перзенттері екенін түсінер деп сенді. Осыдан кейін, ол өзін адамдардың естеріне саламын деп, табиғи апаттарын жасап, өз күшін көрсетті. Сонда да адамдар қорқатын емес, олардың құлақтары алтынның сыңғырынан керең болған, көздері сараңдықтан көрмей қалған, адамдықтың шырқау биігінен төмендеп, әрі қарай өмір сүруде. Егер адамзат Жерге қайырымды болып, нағыз сүйіспеншілігін көрсете алмаса, ал Табиғатадамға деген шынайы сенімін қайтара алмаса, Жер-ана мен Табиғатадамның сүйіспеншілік дастаны өкінішпен аяқталуы мүмкін.



# Сұрақтар:

Жер- ананың бастапқы қалпы қандай болған?

Адам ұрпағы Жер-ана мен Табиғатадамның риясыз сүйіспеншілігін жалғастыра алды ма?


Жер -ана неге адамдарға ашуланды, ол неден үміттенді?

Адамдар неліктен қатыгез болып кетті, одан құтылар жол бар ма?

Жерді неліктен күллі тіршіліктің анасына теңейміз?

Табиғатқа жасалынған залал қиянатқа жата ма?

Табиғат заңдылықтарын бұзу қандай жағдайға әкеп соқтырады?



# Шығармашылық жұмыс











# Ойын: «Мен табиғатқа қалай көмектесе аламын?»

- Ауа таза болу үшін не істеу керек?
- Су мөлдір болу үшін не істеу керек?
- Ағаштарға қалай көмектесе аласын?
- Гүлдерге қалай көмектесе аласын?
- Мен күннен нені үйрендім? (мейірімділікті)
- Мен құстардан нені үйрендім? (ән салуды)
- Мен көбелектен нені үйрендім? (әдемілікті көріп)
- Мен жерден нені үйрендім? (төзімділікті)
- Мен судан нені үйрендім? (тазалықты)
- Мен табиғатқа не істемеу керектігін үйрендім? (қиянат жасамау)
- Мен табиғаттың несін сақтауды үйрендім? (тазалығын)

# *Ой түйіндеу:*

*Күн, сәуле шашқаның үшін рахмет!  
Аспан, таза ауаң үшін рахмет!  
Бұлт, жаңбыр сепкенің үшін рахмет!  
Ағаш, көлеңкең үшін рахмет!  
Табиғат сұлулығың үшін рахмет!*

*Ризамын бүгінге, Ризамын қазірге.*





Ән шырқайық!



# *Саржайлау*

*с. М.Мақатаев*

*ә. Н.Тілендиев*

Жазира, жасыл кілем өрнектеген  
Туған жерге, дариға, жер жетпеген, саржайлауым  
Кең өлкем, әлдилей бер сен деп келем  
Аңсап келем, сағынып, шөлдеп келем, саржайлауым

Саумал бұлақ - балдай дәрім  
Салқын самал - баурайларың  
Саялаған, беу, туған жер  
Сағындырған, Саржайлауым


Армысың, ата-қоныс, жасыл мекен!  
Ұланыңмын, мен сенің қасыңда өтем, саржайлауым  
Басқаның жерұйығын неғылайын  
Жерұйығы өзімнің қасымда екен, саржайлауым



Саумал бұлақ - балдай дәрім  
Салқын самал - баурайларың  
Саялаған, беу, туған жер  
Сағындырған, Саржайлауым

Жадырап, жұтайыншы тау самалын  
Осы еді ғой сағынып аңсағаным  
Гүлдерім, шыршаларым, аршаларым  
Бәріңе арнап мен бүгін ән саламын

Саумал бұлақ - балдай дәрім  
Салқын самал - баурайларың  
Саялаған, беу, туған жер  
Сағындырған, Саржайлауым



Жанымды жырға бөлеп таң атырған  
Әкем едің ақ таңда жаратылған  
Төліңнен айналайын жаңа туған!  
Айналайын еліңнен дара тұрған!

Саумал бұлақ - балдай дәрім  
Салқын самал - баурайларың  
Саялаған, беу, туған жер  
Сағындырған, Саржайлауым

*Үй тапсырмасы*  
*Сурет салу*





A vibrant, colorful garden scene with various flowers and butterflies. The background is a soft-focus garden with green foliage and several butterflies in shades of blue, pink, and red. In the foreground, there are large, bright yellow and orange flowers, possibly gerberas, and some purple flowers. The overall atmosphere is bright and cheerful.

Назарларыңызға рахмет!